



Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 желтоқсан N 1675. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.14. N 559 қаулысымен. ~P970559

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлерінің шекті санының негізінде 58 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне министрдің 3

орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 7 адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1818

P951818_

қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1675 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі орталық
аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Өнер басқармасы

Кино ісі жөніндегі басқарма

Жекешелендіру, жаңа инфрақұрылым және маркетинг секторы

Шетелдермен мәдени байланыстарды үйлестіру секторы

Тарихи - мәдени мұраларды қорғау жөніндегі инспекция

Мәдени - демалыс және музей жұмыстары бөлімі

Экономика, қаржы және талдау бөлімі

Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі

Нормативтік-талдама және кадр жұмысы бөлімі

Жалпы бөлім